ҚАЗАҚ ТІЛІ

Нұсқау: *Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Сөз бен сөздің аралығындағы кейінді ықпал
   A) бүгінгі күн
   B) көкжиек сызығы
   C) оның талабы
   D) көк аспан
2. *Шапшаң* сөзіне синоним болатын сөз
   A) жарқын
   B) жақын
   C) жоғары
   D) жылдам
3. Жалғаулық шылау қатысқан сөйлем
   A) Жақсылармен кездескен сайын рухтанады.
   B) Жасаған жамандықтың да қайтарымы бар-ау.
   C) Ол жылы сөзі мен жақсы лебізін білдірді.
   D) Достық – сыйластық арқылы сыналады.
4. Айқындауыш мүше қатысқан сөйлем
   A) Қызыл тарланбас өзі құтты, өзі сүтті бие еді.
   B) Біздер, ересектер, балалардан көп нәрсе талап етеміз.
   C) Қарай-қарай көзі қызарып, бұлдырап кетіпті.
   D) Ел жата бере үйге Есбол, Еламан, Рай келді.
5. Қосалқы айқындауыш қатысқан сөйлем
   A) Құнанбайдың қасындағылар Байсал, Қаратай, Сүйіндіктер – осы сөзге тоқтады.
   B) Әйелді аттандырған бойы түрегеп тұрған Жалпақ балуан гүрс етіп құлап түсті.
   C) Егінді, шалғынды бейсауат басуға болмайды, обал болады.
   D) Абай бұл сырдың шет жағасын досына, Ерболға ғана сездірді.
6. Үндестік заңына бағынбайтын жалғауы бар сөйлем
   A) Шекпен – түйе жүнінен тоқылған сырт киім.
   B) Таныған жерде бой сыйлы болар...
   C) Киім тігуге тапсырыс беретін жер.
   D) Бэлла анасымен бірге тілдерді меңгерді.
7. Тура мағыналы тіркес
   A) шашын жұлып қолына берді
   B) тойға барын шашты
   C) шашын өріп қойды
   D) төбе шашы тік тұрды

8. Демеулік шылау қатысқан сөйлем
A) Алматыға туралы естеліктер аз емес.
B) Айдос пен Арман Алматыны аралады.
C) Ол әжесінен көп ертегі естіген-ді.
D) Біз үйге дейін біраз жол жүрдік.

9. Сөйлемдегі меңгеріле байланысқан сөз тіркесі
Еламан күрсінді де, балық салынған қапты көтеріп иығына салды.
A) көтеріп салды
B) қапты иығына салды
C) Еламан күрсінді
D) балық салынған қапты

10. Орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестерінің қатары
A) уілдеген жел, терезені қағу, орманды алқап
B) күрделі тапсырма, асау толқын, аспанмен тілдесу
C) жан азабы, уілдеген жел, шұрайлы алқап
D) өткінші жаңбыр, өнегелі өмір, кәсіби шеберлік

11. Ілгерінді ықпалды сөз
A) сабағы
B) тастан
C) теуіп
D) көнбеді

12. *«Ақылды дұшпаннан қорықпа, ақымақ достан қорық»* мақалының мағынасы
A) дос таңдай білудің маңызы
B) ақылдылықтың артықшылығы
C) батылдықтың пайдасы
D) көркем мінездің орны

13. Түбір тұлғасы сақталмаған күрделі үстеуі бар сөйлем
A) Әлібек амалсыздан тоқтай қалды.
B) Күздігүні жерді жыртып тастауға қол босамады.
C) Әубәкір оны жүр-жүрлеп сүйрей бастады.
D) Ол сонда ғана әнін тоқтатып, көпке қарады.

14. Мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлем
A) Қантсыз ас ішу – ағзаны сауықтырудың бір жолы.
B) Сүттің қаймағын алып та, алмай да ұйыта береді.
C) Аздап су қосып пісірген соң, ұйытып айран әзірледі.
D) Спортпен шұғылданып, денсаулықты күткен дұрыс.

15. Тыныс белгілері қабаттаса қойылатын сөйлем
A) Қараңғыда өзінің жирен қасқасының кісінеген дауысы естілді.
B) Уа ағайын Арадағы түйткілді қан төкпей-ақ шешсек болмай ма
C) Оның сұрағына Олжабек бұл жолы жауапты қолма-қол қайырды.
D) Бименденің әкесінің аты Сыздық еді, ауылды «Сыздық ауылы» дейді.

16. Үйірлі анықтауыш қатысқан сөйлем
   A) Тас ошақтағы оттың сәулесі тас қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады.
   B) Он саусағы өнер апам босаға көрген бірер жылда-ақ маңғаз, инабатты, пысық келін атанады.
   C) Балаларды үнемі мектепте ұстамай, сырттағы жұмыстарға да тартты.
   D) Кешке Есіркептің үйінде үлкен той болды.
17. Мәтел берілген қатар
   A) Отан оттан да ыстық.
   B) Көңілі пасық ерде дәулет болмас.
   C) Атаның еккен ағашы ұрпаққа ие.
   D) Піскен асқа тік қасық.
18. Мезгіл үстеуі қатысқан сөйлем
   A) Алда талай арман, мақсаттар тұр білген жанға.
   B) Қыруар жұмысты бітіріп, бәрі үйлеріне қайтты.
   C) Бүгіннен бастап өзімнің ой-өрісімді кеңейтемін.
   D) Төменнен айқайлаған баланың дауысы шықты.
19. Тыныс белгілері дұрыс қойылған қатар
   A) Жастарға айтарым – сол білім изде.
   B) Жастарға айтарым сол, білім изде!
   C) Жастарға айтарым сол – білім изде!
   D) Жастарға айтарым сол... білім изде!
20. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем
   A) Осымен сөз бітті, Алшынбай біраз отырып үйіне қайтты.
   B) Мина, снарядтар да жарылып жатыр, сонда да бар күшімізді салып, ілгері жылжыдық.
   C) Ноғайбекті күзетуге Бәйкен мені қалдырды да, жаныма тағы екі жігіт қосты.
   D) Сабырлылық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздықтан береке қашады.

Нұсқау: *Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*

Елордадағы Қазақастан Республикасы Ұлттық мұражайында «Көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер» мұражайының көшпелі көрмесі ашылды, – деп хабарлайды Egemen.kz.

«Қылқалам ұшындағы құдірет» атты көрмеге аталған мұражай қорындағы қазақстандық көрнекті қылқалам шеберлерінің 70-ке жуық заманауи өнер туындысы қойылған.

«Қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің мәдениеті мен өнеріне байланысты. Қазіргі уақытта елімізде көркемөнер туындыларына айырықша көңіл бөлініп жатыр. Бейнелеу өнерінің кең қанат жайып келе жатқаны осыған дәлел болса керек. Жалпы бейнелеу өнері адамзат қоғамының алғашқы кезеңінде пайда болды. Ол адам баласына заттық дүниені тану үшін әрі осы қоғамдағы алар орнын білуге қажет болғандықтан туындады. Көрмеден қазақ ауылының иісін сезіп, ұлттық тарих пен дәстүрді көре аламыз», – деді мұражай директорының орынбасары көрменің ашылуында.

Сондай-ақ, көрмеде көпшілікке беймәлім авторлардың да кескіндемелік туындылары ұсынылған. «Көрмедегі туындылардың дені Отанға, туған жерге және ұлттық дәстүрді дәріптеуге арналған. Мұнда біздің өңірде ғана емес, елімізде кеңінен танымал қылқалам шеберлерінің туындылары қойылған. Әр туындының өзіндік тарихы бар. Дегенмен, бірнеше жұмысты ерекше атап өткім келеді. Олар ерекше орын алатын: Махамбет Өтемісұлына арналған, ауыл тіршілігінен хабар беретін және құрақ көрпе бейнеленген туындылар», – дейді көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер мұражайының директоры.

Ұлттық мұражайда ашылған «Қылқалам ұшындағы құдірет» атты көшпелі көрмені елорда жұртшылығы 30 тамызға дейін тегін тамашалай алады.

21. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ақпарат
    A) Құрақ көрпе
    B) Көшпелі көрме
    C) Танымал шеберлер
    D) Ерекше туындылар
22. Мәтіннің стильдік мақсатына сай ерекшелігі
    A) көпшілікті хабарландыру
    B) сезімге әсер ету
    C) тіл табысу
    D) нақты дерек беру
23. Мұражай директоры мен орынбасарының мұражай туралы ортақ пікірі
    A) «Қылқалам шеберлерінің заманауи туындысы қойылған...»
    B) «Бейнелеу өнері кең қанат жайып келеді...»
    C) «Елорда жұртшылығы тегін тамашалайды...»
    D) «Көрме ұлттық болмысымызды дәріптеуге арналған...»

24. Мәтін мазмұнына сай ақпарат

A) Көрмеге аты шет елге танылған авторлардың туындылары да қойылған

B) Көрмеге аты көпшілікке танылмаған авторлардың ғана туындылары қойылған

C) Көрмеге елімізде танымал авторлардың туындылары қойылған

D) Көрмеде қала тіршілігінен хабар беретін туындылар қойылған

25. Мәтіннің жанрлық ерекшелігі

A) дәріс, күнделікті қарым-қатынас

B) тезис, іскерлік қатынастан

C) интервью, БАҚ құралдарынан

D) мақала, газет-журналдардан

Нұсқау: *Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Орфографиялық нормаға сай жазылған сөз(-дер)
    A) банкіде
    B) хирургқа
    C) Әуезовты
    D) тарихті
    E) фактқа
    F) күнәға
27. Тура мағыналы сөз(-дер)
    A) үстелдің үсті
    B) адамның көзі
    C) үйдің қасы
    D) адамның аяғы
    E) істің көзі
    F) күннің көзі
28. Анықтауыш қызметіндегі есімдік қатысқан сөйлем(-дер)
    A) Қараңғыда әлдекім артынан келе жатқандай елестеді.
    B) Олай боларын Арман ешқашан елестеткен емес.
    C) Бұл кітаптарға менің қолым жетпей жүрген еді.
    D) Менің айтқанымды кейбіреулер естімей қалды.
    E) Мен мына кітаптарды оқып көргенмін.
    F) Сендер ауылға қашан келесіңдер?-деді.
29. Синонимдік қатар(-лар)
    A) әдемі, әдепті
    B) сабырлы, күшті
    C) салмақты, көп
    D) мықты, берік
    E) бағалы, құнды
    F) сүйкімді, кіші
30. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөз(-дер)
    A) «Мен енді ауылға бармаймын», деді немересі.
    B) Біздің сыныпта жиырма оқушы бар – деді Елдар.
    C) – Жоқ қателесесіз, Перизат ханым..., деді Олжас
    D) «Білмегенді біле бер», – деді Шәкәрім Құдайбердіұлы.
    E) «Ерлік аспаннан түспейді», – дейді Б. Момышұлы.
    F) –Қадыров түбінде адам болатын бала, – деді Майқанова.

31. *«Бүгінгі күні»* сөз тіркесінің беретін мағынасы (мағыналары)
A) нақ осы кезде
B) жуық арада
C) жақында
D) күннен-күнге
E) күн сайын
F) дәл қазір
32. Түбір тұлғасы сақталған біріккен сөз(-дер)
A) бүрсігүні
B) итбалық
C) күздігүні
D) Алатау
E) қарлығаш
F) білезік
33. Талғаулы салалас құрмалас сөйлем(-дер)
A) Әр адам қай жерде жүрсе де, құқықтық субъект ретінде танылуға құқылы.
B) Адам өзі өмір сүріп отырған қоғамның заңын бұзса, тиісті жазасын алады.
C) Адамзат өмір сүруге қандай құштар болса, бостандықта болуға да сондай құштар.
D) Бұл кітапты я мен оқырмын, я сен оқырсың, болмаса атаңның бастағаны жөн болады.
E) Адам – өзі өмір сүріп отырған қоғамның азаматы, сондықтан ол қоғам заңына бағынуға тиіс.
F) Сабырлылық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздықтан береке қашады.
34. Белгісіздік есімдігі анықтауыш қызметінде тұрған сөйлем(-дер)
A) Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп...
B) Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!
C) Абайлар әрбір сөзді өз халінше
D) Барлығы Асқарды аға тұтты.
E) Әртүрлі өнер, мінез жақсы қылық.
F) Біріннің-бірің сөйле сөзін тосып...
35. Бастауышы бірыңғай мүшеден болған сөйлем(-дер)
A) Біз, мұғалімдер қауымы, ауыл мәдениетін көтеруді өз қолымызға аламыз.
B) Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы екі жолдасы – Асан мен Ақтай кірді.
C) Оның үйінде әйелі, үйелмелі-сүйелмелі арасы жасқа толмаған үш ұлы бар.
D) Ол – еңгезердей, екі иығына екі жігіт мінгендей, келбетті әрі сымбатты жігіт.
E) Оның қалың қара шашы, қоңыр көзі, қыр мұрны көркіне сән бергендей.
F) Оның бар ойы – отбасының қамы, балаларына сапалы білім беру мәселесі.